**«БЕКІТЕМІН»**
**Қазақстан Республикасы**
**Су ресурстары және ирригация**
**министрі Н.М. Нұржігітов**

_____

**«23» қазан 2026 жыл**

**Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің**
**Қостанай облысының тұрғындарымен (Қарабалық кенті) кездесуде көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі**

# ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

2026 жылғы 15 қазан

| № | Проблемалық мәселелер | Шешу жолдары | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушы | Жетекшілік ететін бірінші вице-министр/вице-министр |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Смирнов ауылдық округінде мыс кен орнын игеру бойынша жоспарланған жұмыстардың елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жерасты суларының сапасына ықтимал әсеріне қатысты тұрғындардың алаңдаушылығы. | Уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, мыс кен орнын игеру жөніндегі жоспарланған жұмыстардың халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жерасты су көздеріне ықтимал әсерін зерделеу. Жерасты суларының сапасына жүргізілетін мониторинг нәтижелеріне жүйелі талдау жасауды қамтамасыз ету. Ластану қаупі анықталған жағдайда теріс әсердің алдын алу және су көздерін қорғау жөнінде ұсыныстар енгізу. | ҚР СРИМ-ге ақпарат | Тұрақты түрде | Жерасты сулары департаменті; «Қазгидрогеология» КЕАҚ (уәкілетті органдармен бірлесіп) | Т.А. Момышев |

| № | Проблемалық мәселелер | Шешу жолдары | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушы | Жетекшілік ететін бірінші вице-министр/вице-министр |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қажеттілігі. | Қостанай облысының әкімдігімен өзара іс-қимыл жасай отырып, су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жағдайына талдау жүргізу, жобалау құжаттамасын әзірлеуді қажет ететін объектілерді айқындау. Мүдделі тараптардың өкілеттіктерін ескере отырып, құжаттаманы дайындау, ықтимал қаржыландыру көздері мен іске асыру мерзімдерін пысықтау. | ҚР СРИМ-ге ақпарат және ұсыныстар | 2027 жылғы қаңтар | Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті; Тобыл-Торғай бассейндік су инспекциясы (Қостанай облысының әкімдігімен өзара іс-қимыл жасай отырып) | Н.Ж. Алдамжаров |